

Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем өлебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, Қарым-Қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

9. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің Қоршаған әлеммен өзара Қарым-Қатынас жасауына Қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің Қарапайым дағдыларын меңгертуді Қарастырады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, Қарапайым математикалық ұғымдарды; Құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, Ұлттық мәдениетті Құрметтеуді Қарастырады.

10. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын Қабылдау мен түсіну дағдыларын Қалыптастыру, Қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді Қамтиды.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік Қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық Қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке

ерекшеліктері мен Қажеттіліктерін ескере отырып, Ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

11. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды Қалыптастыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды Қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, Қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік Құндылықтарды Қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды Қалыптастыру Қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адамни Құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға Құрметпен Қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты Қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік Қасиеттерін

көрсетуге Қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді Қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған Құрметпен Қарауды Қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне Құрметпен Қарауды Қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат Құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді Қамтиды.